

**"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті
" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 73 бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 17 тамыздағы № 865-к бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 2-к бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.09.2022 № 2-к бұйрығымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111-қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ережесіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 73 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесінде :

19-тармақтың 3), 4), 6) тармақшалары және 20-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін атқарушы

Ш. Каримова